Изготовитель	ООО «ЛГ Электроникс РУС» Адрес: 143160, РФ, Московская область, Рузский район, СП Дороховское, 86-й км. Минского шоссе, д. 9
Информация	Месяц и год изготовления смотри на этикетке внутри холодильного отделения.

Life's Good

ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМІ БАР ТОҢАЗЫТҚЫШ

Тоңазытқышты қоспас бұрын нұскаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны қолжетімді жерге қойыңыз.

www.lg.com

Copyright © 2017 LG Electronics. Барлық құқықтар қорғалған.

МАЗМҰНЫ

Бұл нұсқаулықта сатып алған үлгіден өзгеше кескіндер немесе мазмұн болуы мүмкін. Бұл нұсқаулықты өндіруші түзете алады.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ 03

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары 03

ОРНАТУ 09

Құрылғыны пайдалану ауқымы 09
Жылжытуға және тасымалдауға арналған ескертпелер 09
Биіктігі бойынша реттелетін аяқ тіреуіштер 09
Орнату үшін ескертулер 09
Есіктерін ауыстырып ілу 10

ІСКЕ ПАЙДАЛАНУ 12

Бөлшектер мен функциялар 12
Пайдалануға қатысты ескертулер 13
Басқару панелін пайдалану 14
Мұзға арналған контейнерді пайдалану 16
"Fresh Converter"Балғындық бөлімінде температураны реттеу 16
Жылжымалы жәшік Fresh Balancer 16
Жиналмалы әйнек сөре 16

ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ФУНКЦИЯЛАР 17

SmartThinQ қосымшасын қолдану 17
Бастапқы ашық коды бар қамсыздандыру бағдарламасы бойынша мағлұмат 17
LG Electronics компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығы арқылы SmartDiagnosis™ жүйесін диагностау 17

КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 19

Тазалау бойынша ескертпелер 19
Есік себеттерін алып тастау және орнату 19
Алынбалы әйнек сөрені шығару және орнату 19
Жиналмалы шыны сөрені алып шығу және орнату 20
Көкөніс салатын тартпалы жәшік алып шығу және орнату 20
Тартпалы жәшіктің қақпағын қалай алу керек 20
Тоңазытқыш камераның жылжымалы жәшіктерін шығару 20
Мұздату бөлімінің жылжымалы жәшіктерін алып шығу және орнату 21

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ 22

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР КЕСТЕСІ 25

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Қауіпсіздік нұсқаулары өнімді қауіпті тудыра отырып пайдалану және дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын қауіптер мен зақымдарды алдын алуға арналған. Нұсқаулар төменде сипатталғандай «АБАЙЛАҢЫЗ» және «ЕСКЕРТУ» болып бөлінеді төмендегіні қараңыз.

⚠ **Бұл таңба қауіп тудыратын жағдайлар мен жұмысты анықтау үшін көрсетіледі. Таңбасы бар бөлімді мұқият оқып шығыңыз және қауіптің алдын алу үшін нұсқауларды орындаңыз.**

⚠ **ЕСКЕРТУ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.

⚠ **АБАЙЛАҢЫЗ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда өнімнің аз деңгейде зақымдалуы мен бұзылуын білдіреді.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

⚠ **ЕСКЕРТУ**

Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, жарақат алу немесе күйік шалу қаупін алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз:

Үйдегі балалар

Бұл құрылғы физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі немесе құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдарды (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қадағаламаған кезде немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмеген кезде пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнамауы қадағалануы қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

Құрылғыны пайдаланған кезде жарылу, өрт, өлім, тоқ соғу, жарақат алу немесе күйік шалу қаупін алдын алу үшін мыналарды қоса негізгі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз:

Орнату мен монтаж

- Розетканың жерге дұрыс тұйықталғанын және қуат сымындағы жерге тұйықтау ашасының бар екенін және зақымдалмағанын тексеріңіз.
  Қосымша мәліметтерді LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығынан сұраңыз.
- Бұл құрылғы жабдықты жерге тұйықтау өткізгішіне ие қуат сымымен және жерге тұйықтау ашасымен жабдықталған. Қуат ашасы барлық жергілікті кодтар мен реттеулерге сәйкес және жерге тұйықталған тиісті розеткаға жалғануы керек.
- Қуат сымы зақымдалған немесе розетканың тесігі босап қалған болса, қуат сымын пайдаланбаңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.
- Желілік кабельді ауыстыруға немесе ұзындығын өзгертуге болмайды. Ол желілік кабельді зақымдап, қысқа тұйықталуға себеп болып, өрттің шығуына әкеліп соғуы мүмкін. Кабель зақымдалған жағдайда, қауіптің алдын алу мақсатында, оны ауыстыру жұмысын өндіруші, қызмет көрсету орталығы немесе соған ұқсас білікті маман орындауы қажет.
- Ұзартқыштарды немесе қос адаптерді қолданбаңыз. Құралды бөлек қойылған арнайы қуат сымына жалғау керек. Құрылғыны көп орынды розеткаларға немесе ұзартқыш қуат кабеліне қоспаңыз.
- Құрылғы тоқтан оңай ажыратуға болатын орынға орнатыңыз.
- Құрылғыны берік және тегіс еденге орнатыңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесіне немесе оны пештер мен жылыту құрылғылары сияқты жылу көздеріне жақындатпаңыз.
- Орнатқан кезде құрылғының артқы жағына тиіп кетпеуді қамтамасыз етіңіз.
- Қуат сымын жоғары қаратып тартпай, құрылғыны қуат ашасына қарай еңкейтіңіз.
- Құрастыру немесе бөлшектеу кезінде құрылғы есігінің құлап кетпеуін қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы есігін құрастыру немесе бөлшектеу кезінде қуат сымын қыспаңыз, баспаңыз немесе зақымдамаңыз.
- Құрылғыны ылғал және шаң жерге орнатпаңыз.

Пайдалану

- Құрылғыны тұрмыстық тағам сақтаудан басқа мақсатта (медициналық немесе сараптамалық материалдарын сақтау немесе тасымалдау) қолданбаңыз.
- Құрылғыны су басқан жағдайда тоқ көзінен ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Қатты жауын немесе найзағай кезінде немесе ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, тоқ көзінен ажыратыңыз.
- Ашаны немесе құрылғыны басқару бөліктерін ылғал қолдармен ұстамаңыз.
- Қуат сымын артық бүкпеңіз не оған ауыр зат қоймаңыз.
- Құрылғының электр бөліктеріне су кіріп кететін болса, қуат ашасын ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Салқын ауа шығаратын аймаққа, қақпағына немесе артындағы жылу шығаратын торына қолдарыңызды немесе қандай да бір заттарды салмаңыз.
- Үй жануарларын құрылғының ішіне салмаңыз.
- Құрылғы есігін ашқан немесе жапқан кезде, жаныңызда балалар болса, абайлаңыз. Есік балаға тиіп кетіп, зақымдауы мүмкін.
- Балалардың құрылғының ішіне кіріп кету қаупін туғызбаңыз. Құрылғы ішіне кіріп кетсе, тұншығып қалуы мүмкін.
- Құрылғының үстіне ауыр немесе сынатын заттарды, сұйықтықпен толтырылған контейнерлерді, жанатын заттарды немесе өртке қауіпті заттарды (мысалы, шырақтар мен шамдар) қоймаңыз.
- Газдың жылыстауы болса (изобутан), құрылғыны немесе қуат ашасына тимеңіз және аймақты дереу желдетіңіз. Бұл құрылғы хладагент сияқты экологиялық өте таза газды (изобутан, R600a) қолданады. Сондай-ақ, ол газдың аз мөлшерін қолданады, ол әрі жанатын газ. Құрылғыны тасымалдау, орнату немесе пайдалану кезіндегі газдың жылыстауы ұшқын шығатын болса, өрт, жарылыс немесе зақымдалу қаупін туғызуы мүмкін.
- Құрылғының жанында өртке қауіпті немесе жанатын заттарды (мыс., жанармай, алкоголь, химикаттар, сұйытылған көмірсутек газы, жанатын шашыратқыш, құрт-құмырсқаларды жоюға арналған құрал, ауаны сергіткіш, косметика, т.б.) қолданбаңыз немесе сақтамаңыз.
- Өзге дыбыс, иіс немесе құрылғыдан түтін шығатын болса, дереу ашаны қуат көзінен ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Хладагент контурының зақымдалуына жол бермеңіз.

Қызмет көрсету

- Құрылғыны тазаламас немесе ішкі шамын ауыстырмас бұрын қуат сымын (салынған болса) ажыратыңыз .
- Кез келген ылғалды және шаңды толығымен кетірген соң, розетка саңылауына қуат ашасын қауіпсіз етіп жалғаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ешқашан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз. Әрқашан қуат ашасын мықтап ұстап, розеткадан тіке тартып алыңыз.

- Оны тазалау үшін құрылғының ішіне не сыртына су бүркімеңіз.
- Құрылғыны щеткамен, шүберектермен немесе беттері қатты губкамен немесе металдан жасалған затпен тазаламаңыз.
- Құрылғыны тек LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығының білікті маманы бөлшектеу, жөндеу немесе бөліктерін ауыстыру керек.
- Құрылғының ішін кептіру үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз немесе иісін кетіру үшін ішіне шырақты қоймаңыз.
- Өндіруші ұсынғаннан артық етіп, мұздату процесін үдету үшін механикалық құрылғыларды немесе басқа заттарды қолданбаңыз.

Кәдеге жарату

- Құрылғыны кәдеге жаратқан кезде, сөрелер мен жәшіктерді орнында қалдырған кезде, есік тығыздауышын шығарып алып, құрылғыны балалардан алыс жерге қойыңыз.
- Барлық бума материалдарын (мысалы, пластикалық қалталар мен пенопласт) балалардан алыс жерде кәдеге жаратыңыз. Бума материалдары тұншықтыруы мүмкін.

Жарылғыш заттарды сақтауға тыйым салынады

Бұл құрылғыда өртке қауіпті жанармайы бар аэрозоль банкалары сияқты жарылғыш заттарды сақтамаңыз.

Техникалық қауіпсіздік

- Желдеткіш саңылауларын құрылғы корпусында немесе кіріктірілетін құрылғыда кедергісіз қалдырыңыз.
- Құрылғының тағамды сақтау бөліктерінде өндіруші ұсынған түрінен басқа электр құрылғыларын қолданбаңыз.
- Құрылғы ішінде қолданылған хладагент пен оқшаулағыш газ арнайы кәдеге жарату процедураларын талап етеді. Құрылғыны тастағыңыз келсе кәдеге жарату қызметіне хабарласыңыз.
- Изобутан (R600a) қоршаған орта үшін қауіпсіз, бірақ жанар газ болып табылады. Озон қабатын зақымдамайды. Тоңазытқышты тасымалдау және орнату барысында тоңазытқыш пішінінің ешбір элементі зақымдалмауын қадағалау керек.
- Түтіктен ағатын хладагенттің тұтануы немесе жарылыс туғызуы мүмкін.
- Қолданылатын хладагенттің мөлшері тоңазыту бөлімінің ішіндегі жапсырмада көрсетілген.
- Зақым белгілері көрініп тұрған құрылғыны ешқашан іске қоспаңыз. Күмәндансаңыз, сатушыға немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Хладагенттің ағып кеткені анықталса, ашық жалын көздерін өшіріңіз, тұтануы мүмкін от көздерін пайдаланбаңыз, бөлмені бірнеше минут ішінде желдетіңіз. Тікелей тию кезіндегі тоңазытқыш пішінінің элементтерінен газдың ағуы көз бен терінің зақымдалуына және осы газдың тұтануына апарып соғуы мүмкін.

- Тоңазытқыш пішініндегі кему орын алған жағдайда газдардың өртенгіш қоспасының пайда болуына жол бермеу үшін құрылғы орнатылатын бөлменің көлемі минималды рұқсат етілген көлемнен үлкен болуы керек және қолданылған хладагенттің мөлшеріне тәуелді. R600a хладагентінің әрбір 8 грамына құрылғы орнатылған бөлменің кемінде 1 м3 келуі керек. Осы хладагенттің ауадағы жарылғыш концентрация диапазонының төменгі шегі 1,8% құрайды.
- Хладагенттің ағып кетуі белгісіне тоңазыту және мұздату бөлімдеріндегі төмен температураның жеткіліксіздігі жатады.
- Бұл құрылғы, үй және осыған ұқсас жағдайларда қолдануға арналған, мысалы:
  -дүкендер, кеңселер және басқа да жұмыс орындарындағы ас бөлмелерінде қызметкерлер қолданады;
  -фермаларда, қонақ үйлерде және тағы да басқа тұрғын үйлерде клиенттер қолданады;
  -жатын және таңғы ас дайындайтын бөлмелерде;
  -асханаларда және осыған ұқсас жерлерде бөлшек емес жағдайда қолдануға арналған.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Өнімді пайдаланған кезде адамдардың жарақаттануы, бұйымның ақаулығы немесе зақымдалуы, мүліктің бүлінуі сияқты орын алуы мүмкін қауіптерді азайту үшін төмендегілермен бірге негізгі нұсқауларды орындаңыз:

Пайдалану

- Мұздатқыш бөлігіндегі металл бөліктерін немесе мұздап тұрған тағамды дымқыл немесе ылғал қолыңызбен ұстамаңыз. Ол қатып қалуға себеп болуы мүмкін.
- Төмен қату температураларына шалдығатындықтан, мұздатқыштың, сөрелерінің немесе мұз қалтасының ішіне шыны контейнерлерді немесе бөтелкелерді салмаңыз.
- Құрылғы есігінің немесе сөрелердің алдыңғы жағындағы мұздатылған шыны кез келген әсерден зақымдауы мүмкін. Ол зақымдалып қалса, оны қолдарыңызбен ұстамаңыз, себебі ол жарақат келтіруі мүмкін.
- Құрылғы есігіне, сақтау бөлігіне, сөреге тіреліп тұрмаңыз немесе оған мінбеңіз.
- Құрылғы ішіндегі тағамдарды реттеп қойыңыз.
- Үй жануарларының қуат сымын немесе су құбыршегін шайнап тастатуына жол бермеңіз.
- Есік жәшіктерінде тым көп су бөтелкелерін немесе гарнирлерге арналған контейнерлерді сақтамаңыз. Сауыт сынып кетіп, айналадағы заттарға қолыңыз соғып кетіп жарақат алуыңыз мүмкін.
- Құрылғы есігін артық күш салып ашпаңыз немесе жаппаңыз.
- Өнім есігінің ілмегі зақымдалған немесе дұрыс жұмыс істемейтін болса, құрылғыны пайдалануды тоқтатып, өкілетті қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.
- Құрылғының ішіне электрондық құрылғыларды салмаңыз (мысалы, жылытқыштар және ұялы телефондар).

- Шыны сөрелерін немесе қақпақтарын олар салқын кезде жылы сумен тазаламаңыз. Кездейсоқ температура өзгертулеріне байланысты олардың сынып кетуі мүмкін.
- Ешқашан мұздатқыштан алынған қатып тұрған тағамдарды дереу жемеңіз.
- Құрылғыны қауіпсіз пайдаланатынын тексеру үшін нашар когнитивті қабілеттіктері бар балаларды немесе адамдарды бақылаңыз.
- Құрылғы есігін ашқан және жапқан кезде қолдарыңыз бен аяқтарыңыз қалып қоймағанына көз жеткізіңіз.

Қызмет көрсету

- Сөрелерінің жоғарғы жағын төмен қаратып салмаңыз. Сөрелері құлап кетсе, зақым келтіруі мүмкін.
- Тоқ өшіп қалған кезде, мұздатқыштан мұз сауытындағы мұзды алып тастаңыз.

Жүкті сақтау

- Құрылғыны үй-жайлардан тыс немесе ауа райының қолайсыздығына орай, тікелей әсерге ұшырайтын (тікелей күн сәулесі, жел, жауын-шашын немесе ауа температурасы нөл градустан төмен) сақтамаңыз.

Жүкті тасымалдау

Бұйымды көліктің қағидаларына сәйкес кез келген түрімен тасымалдауға болады.

- Тасымалдау зақымды келдірмейтіндей жүзеге асырылуы тиіс .
- Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде бұйымға зақым келтіруге тыйым салынады.

Тауарды өткізу

- Өнімдерді сату және өткізу еліміздің заңнамасында белгіленген ережелерге сай жүзеге асырылады.

Кәдеге жарату



- Бұл үсті сызылған шелек таңбасы қоқыс электр және электрондық өнімдер (WEEE) қалалық қоқыс жүйесінен бөлек жойылуы керектігін білдіреді.
- Ескі электр құрылғыларында зиянды заттар болады, сондықтан ескі құрылғыны тиісті түрде қоқысқа тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізуі мүмкін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі. Ескі құрылғыңызда басқа өнімдерді және шектеулі ресурстарды сақтау қайта өңделетін маңызды материалдарды жөндеу үшін қолданылатын қайта қолданбалы бөлшектер болуы мүмкін.
- Құрылғыңызды өнімді сатып алған дүкенге апаруға немесе жақын жерде орналасқан электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын қабылдау орталығы (WEEE) туралы мәлімет алу үшін жергілікті басқару мекемесіне хабарласуға болады.

Құрылғыны пайдалану ауқымы

Құрылғы мұздату және мұздатылған немесе салқындатылған өнімдер сақтау үшін арналған.

Климаттық класс

Құрылғы климаттық белдеуге байланысты қоршаған ортаның температураларының шектеулі диапазонында жұмыс істеуге арналған. Аспапты белгіленген шектерден асатын температура жағдайында пайдалануға тыйым салынады. Сіздің аспабыңыздың климаттық сыныбы мұздатқыш бөлімнің ішінде орналастырылған техникалық сипаттамасы бар затбелгіде көрсетілген.

Сынып	Шартты белгісі	Қоршаған орта температураларының ауқымы, °C
Орташа ұлғайтылған ауқым	SN	+10 нан +32 -ге дейін
Орташа	N	+16 дан +32 -ге дейін
Субтропик	ST	+16 дан +38 -ге дейін
Тропик	T	+16 дан +43 -ке дейін

Жылжытуға және тасымалдауға арналған ескерпе

- Тоңазытқыштан барлық азық-түлік пен басқа заттарды шығарыңыз. Ішкі алынатын бөліктерді скочтың көмегімен берік бекітіңіз (сөрелер, жәшіктер, есік қалталары).
- Желі кабелін ажыратып, оны құралдың артқы қабырғасындағы ілгекке іліңіз.
- Тоңазытқышты тасымалдау үшін, оны алдын астынан және артында үстінен орналасқан тұтқалардан ұстаңыз. Олай болмаған жағдайда, қолдан шығып кетуі, және оның жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Алыс қашықтыққа тасымалдау барысында оны тұрғызып қойыңыз. Құралдың құлап кетуі, және негізгі функцияларының бұзылуы ықтимал. Құралды ешқашан жатқан қалыпта тасымалдамаңыз, бұл сіз оны қайта қосқанда хладагенттің айналысын бұзуы мүмкін.

Биіктігі бойынша реттелетін аяқ тіреуіштер

Тоңазытқыштың дірілдемеуі үшін, оның бір деңгейде тұрғандығын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда, еденнің тегіс емес жерлерін толтыру үшін аяқтарын реттеңіз. Есіктің дұрыс жабылуы үшін тоңазытқыш сәл артқа шалқайып тұруы қажет. Реттелмелі аяқтарды бұрау үшін, тоңазытқышты аздап шалқайтыңыз.


Тоңазытқыштың алдыңғы бөлігін көтеру үшін реттелмелі аяқтарды сағат тіліне қарсы( ), ал төмен түсіру үшін сағат тілі бойынша( ) бұраңыз.

Орнату үшін ескертулер

- 1-суретте көрсетілгендей, шектеу тіректерін тоңазытқыштың артқы қабырғасының жоғарғы бұрышына орнатыңыз. Бөлшектері тоңазытқыш жинағымен бірге жеткізіледі.

ЕСКЕРІМ

Шектеу тіректері тоңазытқыш жұмысының асқан тиімділігі үшін орнатылуы қажет.
Сурет 1. Шектеу тіректерін орнату



- Тоңазытқышты жылу көздерінің жанына, тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе ылғалдығы жоғары жерге қоймаңыз.
- Нұсқаулықта көрсетілген электр тогының кернеуі үйіңіздің желілік параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Желілік кабель ашасын розеткаға тығыңыз. Ол розеткаға басқа құрылғыларды қоспаңыз.
- Тоңазытқышты алғаш орнатқан кезде, оның ішінде жұмыс температурасының орнауы үшін 2-3 сағат қосылып тұрсын, содан кейін ғана ішіне азық-түлік салыңыз. Тоңазытқышты желіден өшірген соң, кемінде бес минуттан кейін қосқан дұрыс. Енді тоңазытқышты пайдалана берсеңіз болады.
- Тоңазытқыштың бүйір жағын қабырғаға қартын орнату кезінде есіктің 90 градустан артық ашылу қажеттігін ескеріңіз, себебі сөрелер мен жәшіктерді шығару мүмкін болуы қажет.
- Тоңазытқыш кіріктіріліп орнатылмайды. Артқы және бүйір қабырғаның жоғарғы жағында ауа айналымы мен электр қуатын үнемдеу мақсатында кем дегенде 5 см бос кеңістік қалуы қажет.
- Тоңазытқыш үнемі жұмыс істеп тұратын құрылғы және сәйкесінше дыбыс шығарады, сондықтан да оны демалыс және ұйқы орындарында орнату ұсынылмайды.
- Тоңазытқыштың артқы жағындағы дөңгелек жапсырмаларды алмаңыз. Олар технологиялық тесіктерді жабу арқылы тоңазытқыш сәнін келтіріп тұрады.

- Қолданар алдында тоңазытқышты тазалап-жуыңыз. Силиконды жапсырманы жуып шаю керек емес, силиконды жапсырма- ол есікпен тоңазытқыштын арасындағы байланыс, сонымен қатар есіктің беткі жағын байланыстырады. Силиконды жапсырма есік арасындағы созылманың кедергіге ұшыраудан сақтайды.
- Тоңазытқыштың кейбір үлгілеріндегі сөрелердің алдыңғы бөліктерінде (металл түсті) түссіз қорғағыш үлдір жапсырылған, пайдаланар алдында оны алып тастаған дұрыс.

Есіктерін ауыстырып ілу

Тоңазытқыш сіздің ас үйіңіздің қалай жоспарланғанына қарай, есіктері кез келген жаққа, оңға немесе солға қарай ашыла алатын етіп жобаланған.


ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАР:

- сомын кілт 10 мм және 6 мм;
- 5 мм-лік алты қырлы кілт;
- айқыш бұрағыш.


ЕСКЕРІМ

Алайда, егер Сізге есіктерді ауыстырып ілу қажет болса, қызмет көрсетуші маманды шақырған жөн. Есіктерін ауыстырып ілуге кепілдендірумен қамтылмайды.
Есікті қарама-қарсы жаққа ілерден бұрын ең әуелі тоңазытқышты азық-түліктен босатыңыз да, ондағы бекітілмеген керек-жарақтарды - сөрелер мен сауыттарды шығарыңыз.
Тоңазытқышты еденге жатқызып қоймаңыз.
Абай болыңыз, есікті ағытып алған немесе құрастырған кезде құлатып алмаңыз.


- Тоңазытқыш есігінің үстіңгі қақпағын (2) ағытып алыңыз, ол үшін бұрамаларды (1) алыңыз.
- Бітеуішті (3) үстіңгі қақпақтың (2) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз.
- Жалғағыш сымды (4) ажыратыңыз. (Сыртқы тұрпатты бейнебеті бар үлгілер үшін 2, 3).




- Үстіңгі қақпақты (6) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (5) шешіп алыңыз.
- Сым ұстатқышты (7) алыңыз да, оны қақпақтың ортаңғы бөлігіне (6) бекітіңіз.
- Бітеуішті (9) қақпақтың қарама - қарсы жағына (6) орнатыңыз.




- Сым ұстағышты (8) алып тастаңыз, қақпағын (6) өзіне қарай тартыңыз, содан кейін сымдарын кері алмай, қақпанының (6) сырт жағы өзіне қарай көтеріңкіреңіз және бұрып жіберіңіз.
- Сымдардың ширатылған орамын (10) қақпақтың (6) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз.




- Үстіңгі қақпақты (12) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (11) шешіп алыңыз.
- Тоңазытқыш бөлімшенің есігін ағытып алыңыз.
- Өзекті (13) бұрап алыңыз да, топсаның (12) қарама-қарсы жағына орнатыңыз сомын кілті пайдалану метрдің мыңнанбірі 6.



- Ортаңғы есік топсасын (15) алыңыз, ол үшін бұрандаларды (14) 5 мм-лік алты қырлы кілтпен шешіп алыңыз.
- Мұздатқыш бөлімшенің есігін ағытып алыңыз.
- Бітеуішті тоңазытқыштың қарама-қарсы жағына бекітіңіз.




- Астыңғы есік топсасын (18) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (17) және.
- Бұрандаларды (19) топсаның (18) қарама-қарсы жағына бекітіңіз сомын кілті пайдалану метрдің мыңнанбірі 6.
- Мұздатқыш бөлімшенің есігінің үстіңгі жағындағы бітеуішті (20) алыңыз да, оны қарама-қарсы жаққа орнатыңыз. (20)




• Тоңазытқыш бөлімшенің есігінің астыңғы жағындағы шектегішті (21), төлкені (22) және жеткізгішті (23) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (24) ағытып алып, оны қарама-қарсы жаққа бекітіңіз. Осындай әрекетті мұздатқыш бөлімшенің есігі үшін де іске асырыңыз.

Үлгілері:
GA**499Y*/GA**499Z*/GA**599Y*/GA**549Z*




* Төлке (втулка) (22) тек тоңазытқыш есігінің комплектациясына кіреді.

Үлгілері: GA**499T*/GA**499S*




Үлгілері: GA**499Y*

• Тоңазытқыш және мұздатқыш бөлімшелердің есік тұтқаларын алыңыз (1), (5), ол үшін қалпақтарды (2) алыңыз, содан кейін бұрамаларды (3) сағат тілінің бағытына қарсы ағытып алыңыз.
• Бітеуіштерді (4) алыңыз.
• Тұтқаларды (1), (5) және бітеуіштерді (4) қарама-қарсы жаққа екі ретпен орнатыңыз.




Үлгілері: GA**499Z*/GA**549Z*

• Есіктердің механикалық тұтқаларын (1), тоңазытқыш пен мұздатқыш бөлімшелердің тұтқаларын (5) алыңыз, ол үшін қалпақтарды (2) алыңыз, содан кейін бұрамаларды (3) ағытып алыңыз.
• Бітеуіштерді (4) алыңыз.
• Тұтқаларды (1), (5) және бітеуіштерді (4) қарама-қарсы жаққа кері ретпен орнатыңыз.




Үлгілері: GA**499TG*:

• Бітеуішті (2) және сырғытпаны (1) алыңыз да, суретте көрсетілгендей, оларды қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.




Үлгілері: GA**499T**KZ/GA**499S***


• Слайдерді (1) шешіп, суретте көрсетілгендей, қарама-қарсы бетке ауыстырыңыз.



• Мұздатқыш бөлімшенің астыңғы есік топсасын (18), ортаңғы есік топсасын (15), үстіңгі есік топсасын (12) құрастырыңыз, жалғағыш сымды (4) қосыңыз, қақпақты (6), және (2) кері ретпен орнатыңыз. (Барлық үлгілерде).

Бөлшектер мен функциялар





1 **Басқару панелі**

Тоңазытқыш және мұздатқыш температураны реттеу.

2 **Жарық диодты лампа**

Жарық диодты шамдары есік ашылған кезде жанады.

3 **Алынбалы әйнек сөре***

Бұл тоңазытылған тағамдар мен басқа заттар сақталған орын.

- Бұл басқа биіктіктегі басқа саңылауға сөрені салу арқылы сөре биіктігін реттейді.
- Сөрелердің нақты саны үлгісіне байланысты өзгеріп отырады.

4 **Шөлмектерге арналған тұғыр***

5 **Қоймалық әйнек сөре***

Бұл тоңазытылған тағамдар мен басқа заттар сақталған орын.

6 **Тағамды саумал сақтау аймағы (Fresh Balancer)***

Олардың балғындығын мүмкіндігінше ұзақ уақытқа сақтау үшін мұнда жемістер мен көкөністерді сақтауға болады.

7 **Бөлімшесі балғындық (Fresh Converter)***

Бөлімшесі балғындық бұл жылжымалы жәшік шағымның оңтайлы температурасы үшін өнімді, көкөністері , балық және ет қуатталыну.

- Нақты саны үлгісіне байланысты өзгеріп отырады.

8 **Сүт өнімдеріне арналған бөлім***

Бұл — сүт тағамдары немесе ірімшік сияқты күнделікті өнімдер сақталатын орын.

9 **Есік қалталары***

Бұл тоңазытылған тағамдар, сусындар мен тұздықтар контейнерлерінің кішкентай бумалары сақталатын орын.

- Есік қалталары нақты саны үлгісіне байланысты өзгеріп отырады.

10 **Жұмыртқа науасы (1 күн)**

11 **Мұздату бөлімінің жылжымалы жәшігі**

Бұл қатырылған заттарды ұзақ уақытқа сақтау бөлігі.

12 **Есік тұтқасы (2 күн)***

13 **Реттелетін аяқша (2 күн)**

* Барлық үлгілердің құрамына кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышта қандай да бір бөлшектер жоқ болса, олар басқа үлгінің құрамына кіруі мүмкін. Өндіруші компания алдын ала ескертусіз тоңазытқыштың құрамына өзгеріс енгізуге құқылы.

Пайдалануға қатысты ескертулер

- Пайдаланушылар есік толық жабылмаса, жаз кезінде ылғалдылық жоғары болса немесе мұздатқыш есігі жиі ашылатын болса, мұздың түзілуі мүмкін екендігін есте сақтау керек.
- Есіктің толық жабылуы үшін сөреде сақталған тағам немесе есік арасында жеткілікті бос орын қалу керек.
- Құрылғы есігін артық күш салып ашпаңыз немесе жаппаңыз. Есікті ашу құрылғы ішіне жылы ауаның кіруіне мүмкіндік беріп, ішкі температураның көтерілуін туғызуы мүмкін.
- Жарық диодты лампа тек тұрмыстық жағдайда қолдануға арналған және тұрмыста бөлмені жарықтандыруға қолайлы емес.

Қуат үнемдеуге қатысты ұсыныс

- Сақталған тағамдар арасында жеткілікті бос орын болуын қамтамасыз етіңіз. Бұл ауаның тегіс айналуына мүмкіндік береді және электр энергиясын тұтыну шоттарын азайтады.
- Буланудың немесе қатып қалудың алдын алу үшін ыстық тағамды салқындатып барып салыңыз.

Тағамдарды тиімді түрде сақтау

- Мұздатылған тағамды немесе қатырылған тағамды жабық контейнерлерде сақтаңыз.
- Тағамды құрылғыда сақтамас бұрын мерзімі аяқталу күні мен жапсырмасын (сақтау нұсқаулары) қараңыз.
- Тоңазытқышта банан және қауын сияқты төмен температураларда тез бұзылатын азық-түлікті сақтамаған жөн.
- Бөтелкелерді мұздақыш бөлімінде сақтамаңыз – олар мұздаған кезде жарылуы мүмкін.
- Бұрын еріген өнімдерді тоңазытпаңыз. Бұл дәмі мен пайдалы қасиеттерінің жоғалуына алып келеді.
- Көкөністерді газетпен орамаңыз және олай сақтамаңыз. Газетте басылған материал не басқа заттар тағамдарға жағылып қалуы мүмкін.
- Құрылғыны шамадан тыс толтырмаңыз. Бос орынның 70%-дан аз етіп толтырыңыз. Құрылғы шамадан тыс толтырылған болса, салқын ауаның дұрыс айналмауы мүмкін.
- Тоңазытқышта фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми зерттеу материалдарын және температуралық режимнің қатаң орындалуын қажет ететін басқа өнімдерді сақтамаңыз.
- Тоңазытқыштың артқы қабырғасындағы, суық ауамен қамтамасыз ету үшін арналған тесіктерін жаппаңыз. Ауаның еркін айналымы камераның көлемі бойынша біркелкі температураны ұстап тұруға мүмкіндік береді. Тесікке жақын орналасқан азық-түлік төмен ауа температурасының әсерінен бұзылуы болуы мүмкін.

Ең жоғарғы мұздату көлемі

- Жылдам мұздату функциясы мұздатқышта жылдам мұздату көлеміне мүмкіндік береді. Әдетте бұған 7 сағат жұмсалады, дегенмен ол берілген уақыттан кейін автоматты түрде өшіріледі және оны берілген уақытта қолмен өшіруге де болады.
- Ауа айналымының жақсырақ нәтижесін алу үшін, жәшіктер, тартпалар және сөрелер сияқты барлық ішкі бөліктерін салыңыз.

Электр қуатының үзілуі

Қуат көзіндегі 1-2 сағаттық үзіліс сақталатын өнімдерге зиян келтірмейді. Осы уақытта тоңазытқыш есіктерін сирек ашуға тырысыңыз.

Тоңазытқыш жұмысының ерекшеліктері

Тоңазытқыш құрамдас бөліктерінің температуралық деформацияларының нәтижесінде, шыртылдау естілуі мүмкін. Терморегулятор және компрессордың өшуіне тән дыбыстар құрылғы электр жабдығының жұмысы барысында пайда болатын қалыпты дыбыстар болып табылады. Салқындату жүйесінің ішінде айналып таралатын хладагент, компрессор жұмыс істемесе де бүлкілдеуі мүмкін. Алаң болмаңыз, бұл қалыпты жағдай. Тоңазытқыштың жұмысы барысында келесілер естілуі мүмкін:
- компрессор жұмысының дыбысы;
- желдеткіш қанатшаларының дыбысы;
- NO FROST ауа салқындату жүйесі ағынының дыбысы;
- реленің қосылу дыбысы;
- ауа желісінің ашылу және жабылу кезіндегі ызыл.
- тоңазытқыш жүйесінің құбырлары бойынша айналатын хладагент шуылы;
- материалдардың температуралық деформациясы кезіндегі шыртылдау.
Аталған дыбыстардың ақауға қатысы жоқ және олар функционалды сипатқа ие.


Басқару панелін пайдалану

Түрлері мен функциялары


<1-түрі>




<2-түрі>



<3-түрі>



<4-түрі>



1 **Тоңазыту бөлімінің температурасын реттеу**

2 **Мұздату бөлімінің температурасын реттеу**

3 **Wi - Fi**

- Атқарым тоңазытқыш және сіздің үй Wi-Fi желі өзіне қарап біріктіру үшін.

4 **ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ/ Express Freezer**

- Азық-түлікті тез арада мұздату қажет болған жағдайда қолданылады.

5 **ЭКО - РЕЖИМ/Eco Friendly**

- Бұл функция электр қуатын үнемдеу режимін іске қосады.

6 **ДЫБ. СИГНАЛ**

- Толық жабылмаған есіктің ескерту сигналы.

7 **Шам мұздатқыш бөлімше/ Ligh**

8 **ҚҰЛЫПТАП ТАСТАУ «БЛОКИРОВКА/Lock»**

- Түймешігін басқан кезде басқа түймешіктердің жұмысы тоқтайды.

ЕСКЕРТПЕ

Құрылғының беті немесе бөліктері үлгі түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін

Температураны реттеу

- Тоңазыту және мұздату бөлімдерінің бастапқы температурасы 3 °C және -20 °C.
- Тиісті бөлім температурасын реттеу түймешігін басу арқылы қалаған температураңызды орната аласыз.

Басқару панелі

1, 2, 3 - түрі

ХОЛОД КАМ. | МОРОЗ.КАМ.

4-түрі

Fridge | Freezer

ЕСКЕРТПЕ

- Тоңазытқышты алғаш орнатқан кезде, оның ішінде жұмыс температурасының орнауы үшін 2-3 сағат қосылып тұрсын, содан кейін ғана ішіне азық-түлік салыңыз.
- Дисплейде көрсетілетін температура мақсатты температура болып табыла-ды, себебі тоңазытқыш ішіндегі температура салынған азық-түліктің температурасы мен ашып-жабу жиілігі сияқты факторларға байланысты өзгеріп отырады. Тоңазытқышты қосқаннан кейін ол белгіленген режимге 2-3 күннен кейін орнайды.

Жылдам мұздату «БЫСТР. ЗАМОРОЗ.»

Азық-түлікті тез арада мұздату қажет болған жағдайда қолданылады.

- «БЫСТР.ЗАМОРОЗ/ExpressFreeze» батырмасын қосқан кезде, басқару панелінде Лезде тонызытудың көмескі жарығы жанады



- Функция түймешікті әрбір басқан сайын қосылады және өшіріледі.
- Жылдам мұздату функциясы белгілі бір мерзім өткен соң автоматты түрде тоқтайды.

«ЭКО-РЕЖИМ/Eco Friendly» электроэнергияны үнемдеу режимі

Сіз ұзақ сапарға кеткен жағдайда электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік беретін режимді іске қосады. Ол электр қуатын тұтыну көрсеткішін азайтады.

- «ЭКО-РЕЖИМ/Eco Friendly» батырмасын басқан жағдайда басқару панелінде «ЭКО-РЕЖИМ/ Eco Friendly» көмескі жарығы жанады



- Бұл түймешікті қайта басатын болсаңыз функция өшеді.

Толық жабылмаған есік туралы ескерту сигналы «ЗВУК СИГНАЛ»

- Егер тоңазытқыштың есігі біршама уақыт (~ 1 мин) ашық тұрса, 30 секунд сайын қайталатын дыбыстық белгі іске қосылады.
- Толық жабылмаған есік туралы дыбыстық сигналды "ЗВУК СИГНАЛ" түймешігін қысқа уақытқа басу арқылы қосып, өшіруге болады (басқару панелі 2-түрі).

ЕСКЕРТПЕ

- Есік толық жабылғаннан кейін де ескерту сигналы шығып тұратын болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

«БЛОКИРОВКА/Lock»

«БЛОКИРОВКА/Lock» түймесі қосылып тұрғанда басқа түймешіктер істемейді.

- Тоңазытқыштың дисплейін, «БЛОКИРОВКА/Lock» түймешігін басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.

Мұздатқыш бөл жарықтамасы (барлық үлгілерде емес)

- Осы түймешікті басу арқылы мұздатқыш бөлімшенің жарықтамасының жұмысы реттеледі.
- Біртіндеп басу арқылы жарықтаманы тұрақты жарықтандыру режиміне қосуға, осы режимде жарықтылықты іске қосуға және оны өшіруге болады.
- Мұздатқыш бөлімшенің есігі ашылған кезде жарықтама әрқашан жұмыс істеп тұрады.

Мұзға арналған контейнерді пайдалану

Мұз түйірлерін жасау үшін мұз науасын су деңгейіне дейін толтырып, оны мұздатқышқа салыңыз.



- Ішетін сумен ғана толтырыңыз.
- Мұзды жасау құралы шамадан тыс толып кеткен болса, мұз текшелерін бір-біріне жабысып қалуы мүмкін және оларды алу қиындық туғызуы мүмкін.
- Мұз кесектерін тез дайындау қажет болса, жылдам мұздату функциясын іске қосыңыз.
- Мұз жасағышқа су құю немесе оны суға батыру немесе алдымен науаны айналдырып алу арқылы мұзды оңай алуға болады.


ЕСКЕРТУ

- Сынып кетуі мүмкін болғандықтан мұз жасағышты күшпен тартпаңыз.

"Fresh Converter" балғындық бөлімінде температураны реттеу

(барлық модельдерде емес)

Бұл функция "Fresh Converter" балғындық бөлімінде температураны реттеу үшін арналған/
1 - түрі етті сақтау үшін арналған
2 - түрі балықты сақтау үшін арналған
3 - түрі жеміс жидектерге арналған




- Қазіргі бөлімнен жәшік көп мөлшер өнімдер «Fresh Converter» зонаса жанында қажеттілік сақтауы болып алу.
- Осы бөлімшеде тұтқасы режимі тиісті өнім құру үшін сақтаудың оңтайлы шаралары ет, балық немесе көкөніс орнатыңыз.

Жылжымалы жәшік Fresh Balancer

(барлық модельдерде емес)

Fresh Balancer Оптималды ылғалдылықты сақтап тұру зонасы -жеміс жидектерді сақтау үшін арналған жылжымалы жәшік. Реттеуіш арқылы оптималды ылғылдылық таңдалады.
<2 - түрі> жабық күйдегі көкөністерді сақтау
<1 - түрі> ашық күйдегі жидектерді сақтау




Жиналмалы әйнек сөре


(барлық үлгіде болмайды)

Тоңазытқышқа бөтелке сияқты ұзын заттарды қою үшін:

- Сөренің алдыңғы бөлігін көтеріп, артқы бөлігінің астына кіргізу қажет.



- Бұндай жағдайда сөренің екі бөлігін де жоғары көтеруге болады, осылайша бос кеңістік арта түседі.



- Сөрені бастыпқы қалпына келтіру үшін екі жарты бөлікті төмен түсіру қажет, содан соң төменгі жартысын өзіңізге қарай тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Өндіруші келесі нұсқаулық мәндерді қолдануды ескертеді:
- Суыту бөлімінің температурасы: +3 °C
- Тоназыту бөлімінің температурасы: -20 °C
- 2 - түрі режимі «Fresh Converter» балғындық бөлімінінде болуы тиіс.

Интелектуалды функциялар SmartThinQ қосымшасын қолдану

Smart ThinQ қосымшасын орнату

Play Store және Apple App Store көмегімен арқылы LG Smart ThinQ қосымшаны Google сайтында табыңыз. Қосымшаны көшіру және орнату үшін нұсқауға қараңыз.

Wi-Fi функциясы

- Логотиппен құрылғы үшін, Smart ThinQ немесе Smart ThinQ™ Смартфон құрылғысына қосылу үшін LG Smart ThinQ қосымшаны пайдаланыз.

Орнату

Қосымша арқылы әр түрлі сиппатамаларды тоңазытқышта орнатуға мүмкіндік береді.

Еркертпе

- Wi-Fi қосылымын тексеру үшін, басқару үстеліндегі **Wi-Fi** белгісі жанып жатқанына назар аударыныз.
- LG Smart ThinQ қосымшаны желіге қосылып мәселелерді, желілік қосылым бойынша ақауларды және қателерді шешу үшін арналмаған.
- Бұл құрылғы сигналдарды 2,4 Ггц жиілікпен жібереді.
- Wi-Fi желісіне қосылған құрылғыны жалғағанда, сіз кез келген проблемалар тап болса, ол құрылғы тым алыс маршрутизатор екендігіне байланысты болуы мүмкін. Wi-Fi сигнал жақсарту үшін, қайталағышын (сигнал күшейткіш) Wi-Fi алыңыз.
- Wi-Fi қосылу салдарынан үй желісінде сипатына үшін құрылған немесе үзілуі мүмкін емес.
- Қоршаған сымсыз орта сымсыз желінің жұмысын баяулатуы мүмкін.
- Өнімді жақсарту мақсатында қосымшаға пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.
- Модель түріне байланысты сипаттамасы өзгеруі мүмкін.
- Желі қосылымы бар интернет қызметі провайдеріңізге байланысты түрлі мәселелер тудыруы мүмкін.

Ашық бастапқы кодымен келетін бағдарламалық қамтамасыз ету үшін ақпарат

GPL, LGPL, MPL лицензиялар мен осы өнімде пайдаланылатын басқа да ашық бастапқы бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарына сәйкес бастапқы кодын алу үшін http://opensource.lge.com торабына кіріңіз. Жүктеу үшін бастапқы кодын қоса, сондай-ақ, кепілдік емес және авторлық құқық есеп барлық қолданыстағы лицензия шарттарынан қол жетімді. Сондай-ақ LG Electronics компаниясы бастапқы кодты компакт-дискті қызмет орындау құнын қамтитің төлем бойынша ұсынады, (жеткізу және өңдеу).
Сұрау мына мекенжай бойынша қалдыруға болады: opensource@lge.com. Бұл ұсыныс сатып алынған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде жарамды болады.


LG Electronics компаниясы клиенттеріне қолдау көрсету орталығы арқылы Smart Diagnosis™ айқындамалық жүйесі

Осы функцияны тек Клиенттерді қолдау орталығының ұсыныстамасы бойынша қолданыңыз (телефон нөмірі кепілдік талонында көрсетілген).
Қызмет көрсету орталығының деректерін беруге ілесе жүретін дыбыс факс жұмыс істеген кездегі дыбысқа ұқсайды.
Тоңазытқышта ақаулықтар пайда болған жағдайда, Тұтынушыларды қолдау орталығына қоңырау соғыңыз да, маманның нұсқауларын рет-ретімен дұрыс орындаңыз:


Басқару панелі 1-түрі

1 Есікті ашыңыз.

2 Содан кейін «Мұздатқыш бөліміндегі температураны реттеу» түймешігін 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.



3 Оператордың нұсқауларын орындай отырып, телефонның микрофонын «SmartDiagnosis» белгішесіне барынша жақын апарыңыз. Дыбыстық дерек беру аяқталғанша телефонды осы қалыпта ұстап тұрыңыз.




4 Егер қолдау орталығының операторы алынған нәтижелер бұрмаланған немесе толық емес деп тапса, Сізден дерек беру үдерісін қайталауды өтінуі мүмкін.

5 Дыбыстық белгілерді беру аяқталған бетте, Сіз оператормен сөйлесуді әрі қарай жалғастыра аласыз. Ол алынған ақпаратты техникалық орталыққа талдауға жібереді.

Басқару панелі 2, 3, 4 - түрі

1 Есікті жабыңыз, «БЛОКИРОВКА» түймешігін басыңыз да, бұғаттама іске қосылғанша 3 секунд ұстап тұрыңыз,

2 Содан кейін «Мұздатқыш бөліміндегі температураны реттеу» түймешігін 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз, есікті ашыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Телефонды микрофон динамика тесіктеріне қарсы орналасытындай қалыпта қойыңыз.
- Smart Diagnosis™ жүйесі болжаммен үш секунд ішінде дыбыс береді.
- Мәліметтерді беру кезінде телефонды тесіктен алыстатпаңыз.
- Телефонды динамика тесіктеріне қарсы ұстап, мәліметтер берілуінің аяқталуын күтіңіз.
- Мәліметтерді беру кезіндегі дыбыс Smart Diagnosis™ жүйесін пайдалану кезінде қатты болуы мүмкін, алайда диагностика жүргізу кезінде нақтылықты қамтамасыз ету мақсатында телефонды мәліметтерді беру аяқталмағанға дейін динамика тесіктерінен алыстатпаңыз.
- Smart Diagnosis™ функциясының жұмысқа білеттілігі жергілікті телефон телефон байланысының сапасына байланысты.
- Сымды үй телефоны байланыс пен дабылдың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.
- Егер Smart Diagnosis™ функциясы арқылы мәліметтерді алу телефонның төмен сапалы байланысынан қиындатылса, сіз оны қолданудан максималды түрде пайда ала алмайсыз.

Тазалау бойынша ескертпелер


- Құрылғының ішінен сөрені немесе тартпаны алған кезде, жарақаттанудың немесе құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшін, сөреден немесе тартпадан барлық сақталған тағамдарды алыңыз.
- Сөрелері мен тартпаларын шығарып алып, оларды сумен тазалаңыз да, қайта салмас бұрын мұқият кептіріңіз алыңыз.
- Есік тығыздауыштарын жиі ылғал жұмсақ сүлгімен сүртіп тұрыңыз.
- Сөрелерді немесе контейнерлерді ешқашан ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
  - Қызып кетуге байланысты бөліктерінің пішімі бүлінуі мүмкін.
- Құрылғының сыртқы жағын сүртіп алу үшін жұмсақ ылғал сүлгіні қолданыңыз. Бейтарап тазарту құралын қолдансаңыз, оның қалып қалмағанын тексеру үшін таза сүлгімен сүртіп алыңыз.
- Құрылғы LED шамымен жабдықталған болса, шам қақпағын жылжытпаңыз және LED шамын кез келген жағдайда жөндеуге немесе оны тексеруге әрекет жасамаңыз. LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
- Тазалап болған соң, қуат сымы зақымдалмағанын, қызып кетпегенін немесе дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ!

- Тоңазытқышты жуғаннан кейін оны құрғақ сулықпен әбден құрғатып сүрту қажет. Түрпілі заттарды, бензинді, бензолды, еріткішті, хлоргидратты, ыстық суды, қатты шөткені және т.с.с. пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл тоңазытқыш- мұздатқыштың бұзылуына әкелуі мүмкін.


Есік себеттерін алып тастау

Жәшіктің екі ұшын бірге ұстап тұрып, оны жоғары қарай тартуарқылы шығарып алыңыз.




Есік себетін орнату

1 Есік жәшігінің екі шетін ұстап тұрып, құрастыру үшін бір шетін жайлап басыңыз да, одан кейін бірдей мәнерде басқа шетін құрастырыңыз.




2 Құрастырған соң, оны көлденеңінен реттеу үшін есік жәшігін жайлап басыңыз.



Алынбалы әйнек сөрені шығару және орнату

Сөрені тоңазытқыштан алып шығу үшін әуелі сәл көтеріңкіреңіз, содан кейін өзіңізге қарай тартыңыз.




Жәшікті тоңазытқышқа қайта орнату үшін осы әрекеттерді кері бағытта орындау қажет

Жиналмалы шыны сөренi алып шығу және орнату

1 Сөренің алдыңғы бөлігін көтеріп, артқы бөлігінің астына кіргізу қажет.

2 Жақтаудан екі бөлігін де көтеріп, шығару


3 Сөренің жақтауын көтеріп, өзіңізге қарай тарту.




Сөрелерді тоңазытқышқа қайта орнату үшін сол әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.

Көкөніс салатын тартпалы жәшік алып шығу және орнату


1 Әуелі астыңғы себетті сәл жоғары көтеріп есіктен алып шығыңыз.



2 Жәшікті түбіне дейін бері тартыңыз.




3 Оның алдыңғы жағын сәл көтеріп, өзіңізге тартыңыз да, алып шығыңыз.



Жәшікті орнына салған кезде, осы сияқты әрекеттерді кері ретте іске асырыңыз.

Көкөніс салатын тартпалы жәшіктің қақпағын қалай алу керек


Көкөніске арналған тартпалы жәшікті алып шығу үшін оны өзіңізге қарай тартып, жоғары көтеріңіз.



Суырмалы жәшікті тоңазытқыш камерасынан шығару

1 Жәшікті түбіне дейін бері тартыңыз.


2 Оның алдыңғы жағын сәл көтеріп, өзіңізге тартыңыз да, алып шығыңыз.



Мұздату бөлімінің жылжымалы жәшіктері алып шығу және орнату

1 Жәшікті түбіне дейін бері тартыңыз.

2 Оның алдыңғы жағын сәл көтеріп, өзіңізге тартыңыз да, алып шығыңыз.




Жәшіктерді тоңазытқыш бөліміне қайта орнату үшін, сол әрекеттерді кері ретпен орындау қажет:

1 Жәшікті бағыттауыштарға 45° еңістеп қойыңыз.

2 Жәшіктің алдыңғы бөлігін бағыттауыштарға қатарлас түсіріңіз.

3 Жәшікті ішке қарай түбіне дейін итеріңіз.



ЕСКЕРТУ

- Тоңазытқышта жақсы ауа айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатқыш камерадағы жәшіктерді түбіне дейін тіреп қою керек.
- Егер мұздатқыш камерада азық-түліктің көп мөлшерін сақтау қажет болса, мұздатқыш бөлімшенің үстіңгі және ортаңғы жәшіктерін алып шығып, азық-түлікті тікелей торлы сөреде сақтауға болады.
- Мұздатқыш камерада торлы сөрелер бар, олар азық-түлік сақтайтын орынды барынша үлкейтуге мүмкіндік береді.
- Жәшіктер мен сөрелерді шығару кезінде қатты күш салмау қажет – бұл және олардың дұрыс емес шығарылуы немесе орнатылуы тоңазытқыштың ішкі бөліктерін зақымдауы мүмкін.
- Кепілдік тоңазытқыштың сақтау, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін бұзу, шамадан тыс физикалық күш қолданудан туындаған механикалық бүлінулерді қамтымайды (жарықтар, майысулар, ашу белгілері, т.б.)

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Белгілер	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ	Шешімі
Электр желісіне қосылған тоңазытқыш жұмыс істемейді.	**Қуат өшірілді ме?**	• Оны қосу үшін басқару тақтасындағы қуат түймешігін басыңыз.
	Тоқ өшіп қалды ма?	• Басқа құрылғылардың қуатын тексеріңіз.
Тоңазыту немесе мұздату әрекеті нашар.	**Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы ең жылы деңгейге орнатылған ба?**	• Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасын орташа деңгейге орнатыңыз.
	Құрылғы пісіретін пеш немесе жылытқыш сияқты жылу шығаратын заттың жанында немесе тікелей күн көзінде тұр ма?	• Орнату аймағын тексеріңіз және оны жылу бөлетін заттардан әрі қойыңыз.
	Оны алдымен салқындатып алмай, ыстық тағамды салдыңыз ба?	• Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.
	Тым көп тағам салдыңыз ба?	• Тағам арасында сәйкес бос орынды қалдырыңыз.
	Құрылғының есіктері толығымен жабылған ба?	• Есігін мықтап жауып, сақталған тағамның есікке кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріңіз.
	Құрылғының айналасындағы бос орын жеткілікті ме?	• Құрылғының айналасында жеткілікті орын қалдыру үшін орнату қалпын реттеңіз.
Құрылғы жағымсыз иіс шығарады.	**Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы ең жылы деңгейге орнатылған ба?**	• Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасын орташа деңгейге орнатыңыз.
	Иісі қатты шығатын тағамды салдыңыз ба?	• Қатты иіс шығаратын тағамдарды жабық контейнерлерде сақтаңыз.
	Тартпадағы көкөністер немесе жеміс бүлінген бе?	• Ескіріп кеткен көкөністерді тастап, көкөністер тартпасын тазалап қойыңыз. Көкөністер тартпасында көкөністерді ұзақ уақыт сақтамаңыз.
Құрылғының ішіндегі шам қосылмайды.	**Құрылғының ішіндегі шам өшірілген ба?**	• Оларды жөндеу мүмкін болмағандықтан, құрылғының ішіндегі шамды ауыстыру тұтынушыларға қиындық туғызады. Ішкі шам жанбайтын болса, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығымен байланысыңыз.
Құрылғы есігі мықтап жабылмаған.	**Құрылғы алға еңкейіп тұр ма?**	• Алдыңғы жағын аздап көтеру үшін алдыңғы аяғын реттеңіз.
	Сөрелер дұрыс қойылған ба?	• Қажет болса, сөрелерін қайта салыңыз.
	Есікті артық күш салып жаптыңыз ба?	• Есікті жапқан кезде тым көп күш немесе жылдамдық қолданатын болсаңыз, жаппас бұрын ол аз уақытқа ашық қалуы мүмкін. Жабылған есікті тарсылдатпаңыз. Күш қолданбай жабыңыз.
Құрылғы есігін ашу қиын.	**Оны жапқан бойда қайтадан есікті аштыңыз ба?**	• Оны жапқан бойда 1 минут ішінде құрылғы есігін ашуға әрекет жасасаңыз, құрылғының ішкі жағындағы қысымға байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Құрылғы есігін ішкі қысым тұрақтандырылған соң, бірнеше минуттан кейін ашып көріңіз.

Белгілер	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ	Шешімі
Құрылғының ішінде немесе көкөністер тарпасы қақпағының төменгі жағында конденсация бар.	**Оны алдымен салқындатып алмай, ыстық тағамды салдыңыз ба?**	• Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.
	Құрылғы есігін ашық қалдырдыңыз ба?	• Құрылғы есігі жабылған соң конденсация да жоғалады, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алуға болады.
	Құрылғы есігін тым жиі ашып-жабасыз ба?	• Сырттағы температураның өзгешелігіне байланысты конденсация түзілуі мүмкін. Дымқыл жерді құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
	Контейнерге салмай ішіне жылы немесе ылғал тағам салдыңыз ба?	• Тағамды қапталған немесе тығыздалған контейнерде сақтаңыз.
Тоңазытқышта мұз қатып қалған.	**Есіктерінің дұрыс жабылмаған болуы мүмкін бе?**	• Құрылғының ішкі жағындағы тағамдардың есікке тіреліп тұрмағанын және есіктің мықтап жабылғанын тексеріңіз.
	Оны алдымен салқындатып алмай, ыстық тағамды салдыңыз ба?	• Тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа салмас бұрын, алдымен ыстық тағамды салқындатып алыңыз.
	Мұздатқыштың ауа кірісі немесе шығысы бітелген бе?	• Ауа ішінде айнала алатындай ауа кіретін немесе шығатын жерлері бітелмегенін тексеріңіз.
	Мұздатқыш шамадан тыс толтырылған ба?	• Бөліктері арасында сәйкес бос орынды қалдырыңыз.
Қату немесе конденсация құрылғының ішінде немесе сыртында түзіледі.	**Құрылғы есігін жиі ашып-жабасыз ба немесе құрылғы есігі дұрыс жабылмаған ба?**	• Құрылғының ішіне сыртқы ауа кіріп кететін болса, мұздар немесе конденсат түзілуі мүмкін.
	Орнату ортасы ылғал ма?	• Орнату аймағы тым ылғал болса немесе жаңбырлы күн сияқты ылғал күн туындаса, құрылғының сыртқы жағында конденсация пайда болуы мүмкін. Кез келген ылғалды құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
Құрылғының бүйірі немесе алдыңғы жағы жылы.	**Есік аймағы айналасынан конденсацияның түзілуін азайту үшін құрылғының осы аймақтарында конденсацияға қарсы түтіктер болады.**	• Конденсация түзілуінің алдын алу үшін жылуды шығару түтігі құрылғының алдыңғы жағына және бүйіріне орнатылады. Жаз кезінде немесе құрылғы орнатылған соң оның өте ыстық болып сезілуі мүмкін. Бұл ақаулық еместігіне және қалыпты жұмысы екендігіне сенімді болуыңызға болады.
Құрылғының ішінде немесе сыртында су бар.	**Құрылғының айналасына су аққан ба?**	• Судың шұңғылшадан немесе басқа орыннан ағып кеткенін тексеріңіз.
	Құрылғының төменгі жағында су бар ма?	• Судың қатқан еріген тағамнан немесе сынған не төгілген контейнерден ағатынын тексеріңіз.

Белгілер	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ	Шешімі
Құрылғы шулы және қалыпты дыбыстарды шығарады.	**Құрылғы әлсіз еденге орнатылған ба немесе деңгейі дұрыс реттелмеген бе?**	• Құрылғыны қатты және тегіс аймаққа орнатыңыз.
	Құрылғының артқы жағы қабырғаға тиіп тұр ма?	• Құрылғының айналасында жеткілікті бос орынның болуы үшін орнату қалпын реттеңіз.
	Заттар құрылғының артына шашылып қалды ма?	• Құрылғының артқы жағына шашылып қалған заттарды жинап алыңыз.
	Құрылғының жоғарғы жағына зат қойылған ба?	• Құрылғының жоғарғы жағындағы затты алыңыз.
Тырс ету шулары	**Автоматты мұзын еріту айналымы басталған және аяқталған кезде мұзын ерітуді басқару қосылады. Термо реттегіште(немесе кейбір үлгілердегі құрылғыны реттегіш) айналым қосылған және өшірілген кезде сырт еткен дыбыс шығарады.**	• Қалыпты жұмысы.
Тырсылдаған шулар	**Тырсылдаған дыбыстардың салқындатқы ағынынан, құрылғының артындағы су жолынан (тек тазартқыш бар үлгілерде) немесе құрылғының айналасында немесе жоғарғы жағына қойылған заттардан туындауы мүмкін.**	• Қалыпты жұмысы.
	Құрылғы еденде тегіс тұрған жоқ.	• Еден әлсіз немесе тегіс емес не деңгейін реттеу аяқтарын реттеу керек. Есікті реттеу бөлімін қараңыз.
	Пайдаланған кезде сызықтық компрессор бар құрылғы жылжытылған.	• Қалыпты жұмысы. Компрессор 3 минуттан кейін тырсылдағанын тоқтататын болса, құрылғыны тоқтан ажыратып, қайта қосыңыз.
Гуілдеген шулар	**Мотордың булағыш желдеткіші тоңазытқыш пен мұздатқыш бөліктері бойымен ауаны айналдырады.**	• Қалыпты жұмысы.
	Конденсатор желдеткіші арқылы конденсатор үстінде ауа басып тұр.	• Қалыпты жұмысы.
Сылдырлаған дыбыстар	**Салқындату жүйесінен ағатын салқындатқыш**	• Қалыпты жұмысы.
Тарсылдаған шулар	**Температурадағы өзгерістерге байланысты ішкі қабырғаларында нығыздалу және кеңейту орын алуы мүмкін.**	• Қалыпты жұмысы.
Дірілдеу	**Құрылғының бүйірі немесе артқы жағы шкафқа немесе қабырғаға тиіп тұрса, қалыпты дірілдердің кейбірі естілетін дыбыс шығаруы мүмкін.**	• Шуды азайту үшін бүйірлері мен артқы жағын қабырғаға немесе шкафқа тигізіп қоймаңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ:

Үлгісі / Маманданым	GA**499TG**	GA**499T*KZ GA**499S***	GA**499Y*QZ GA**499Z*QZ GA**499**SP GA**499**TP GA**599**QZ	GA**499Y*CZ GA**499Z*CZ	GA**499**UZ	GA**549**QZ
Номиналды кернеу (В~Гц)	220В - 240В ~ 50Гц					
Климаттық класы	тоңазытқыш бөліктің ішіндегі затбелгіні қараңыз					
Тұтынатын қуаты (Вт):						
- еріту кезінде тұтынатын қуаты	170					
- қыздыру элементінің тұтынатын қуаты	170					
- шамның ең жоғары тұтынатын қуаты	-					
Сыйымдылық (л), Нетто/Брутто:	360/394					334/368
- мұздату бөлімі (л)б Нетто/Брутто	105/131					
- былқылдақтықтың аулақтануы (л)	29			-		
- тоңазыту бөлімі (л)б Нетто/Брутто	226/263			255/263		229/237
Хладагент/Салмақ (г)	тоңазытқыш бөліктің ішіндегі затбелгіні қараңыз					
Көбіктендіретін агент	Циклопентан					
Сыртқы өлшемдері:						
- биіктігі (мм), қаптамасыз/қаптамамен	2000/2095					1900/1995
- тереңдігі (мм), қаптамасыз/қаптамамен	668/745		688/745			
- ені (мм), қаптамасыз/қаптамамен	595/655					
- салмағы (кг), қаптамасыз/қаптамамен	90/96	81/87		79/85		75/81
Мұздатқыш камераның класы	**** Total No Frost					
Салқындату жүйесі						
Қуат тұтыну класы[1]	A++					
Дыбыстық қуат деңгейі, дБА[2]	39					

[1] Индустрия және сауда министрлігінің 2010 жылдың 29 сәуіріндегі №357 бұйрығы бойынша өлшеу және есептеу әдісі

[2] МЕМСТ Р 51401-99 бойынша өлшеу және есептеу әдістемесі

ЕСКЕРТПЕ

Өндіруші компания кейбір техникалық сипаттамаларға алдын ала ескертусіз өзгертулер енгізуге құқылы.

LG Life's Good

EAC

LG өнімі сертификатталған. Біздің құралдардың сертификатталуы, сертификат нөмірі және қолдану мерзімі жайлы ақпаратты клиентке қолдау көрсету қызметінен алуыңызға болады.

Модель атауы	GA**499****, GA**599****, GA**549****
Өндіруші	«ЛГ Электроникс РУС» Мекенжаû: Ресей, 143160, Мәскеу облысы, Рузский ауданы, Дороховское кенті Минск тасжолы, 86 км., 9-уй.
Ақпарат	Тауардың шығарылған айы мен жылы тоңазытқыштың ішіндегі жапсырмада көрсетілген.